Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Сот кабинеті | "Төрелік" АЖ

Судебный кабинет | ИС "Төрелік"
Верховного Суда Республики Казахстан

Judicial office | IS "Torelik"
of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

Құжат нөмірі (номер документа): 196001L04813399

Жіберілген күні (Дата отправки): 30.01.2023

Облыс атауы: Астана қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты (Кассациялық саты)

**Жіберуші:** ЖУБАТКАНОВ АЛИМЖАН ИРАТОВИЧ

# ХАТ

Р.Б.Мәжітовке және Д.А.Төрехуловке алғыс білдіру туралы

**Қоса берілетін құжаттар тізбесі:**

1. Сотқа алғысхат.doc

ЖУБАТКАНОВ АЛИМЖАН ИРАТОВИЧ қол қойды

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының төрағасы А.А.Мерғалиевке**

**Астана қаласы сотының төрағасы А.М.Жұмағұловқа**

**Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Р.Б.Мәжітовке**

Астана қаласы, ЖК «Ақшаңырақ»

тұрғындары:
Фалин Дмитрий Сергеевич

Жұбатқанов Әлімжан

Сансызбай Кенжибаев ;
Дариха Шуканова тел: 8
Лейла Оспанова тел:
Динара Утуленова тел: 8
М.Курбанбеков, К.Назимов т.б
тұғындардан.

**Ө Т І Н І Ш**

**Р.Б.Мәжітовке және Д.А.Төрехуловке алғыс білдіру туралы**

**Құметті Асыланбек Амангелдыұлы және Ақан Маратұлы** Сіздердің жұмыстарыңызға береке, жанұяларыңызға зор табыс, аманшылық тілейміз!

Ал енді алғыс білдіруміздің себебі мынада: Біздер Астана қаласы , ЖК «Ақшаңырақ» тұрғындары қала әкімі А.Көлгіновке барып алдымыздағы Л.Абдимауленованың жеріне 14 қабатты үйдің салынуына қарсы болып, аулада балалар алаңы, спорт алаңдары, машина қоятын парковка-тұрақтар болмағандықтан орнына гүлбақ-сквер болуын сұрап барғанбыз. Әкімшілік тұрғындарды қолдап егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына толықтырулар енгізуді **әлеуметтік-экономикалық** жағдайларды ескере отырып 28.04.2022 жылы гүлбақ-скверге өзгертілді.

Ел басшысы Қ.К.Тоқаев Астана қаласы әкімі мен Алматы қаласының әкімдеріне көп қабатты үйлерге тақап, зәулім үйлер сала бермеу керектігін, халықтың пікірін тыңдап гүлбақтар, балалар алаңы мен спорт алаңдарын салуға баса назар аудару керектігін айтып тапсырма берген болатын.

Л.Абдимауленова Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастар басқармасын» жауапкер ретінде көрсетіп Астана қаласы әкімінің 03.08.2022 жылғы жерді мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулыларының күшін жою туралы сотқа талап арыз берген.

Берілген талап арыздың негізінде істі судья Д.Төрехулов жан-жақты объективті түрде әділ қарап, қара қылды қақ жарып, әкімнің қабылдаған шешімдері дұрыс деген тұжырымға келіп, Л.Абдимауленованың талап арызын қанағаттандырудан бас тартты. Судья істі таразылап әділ қарады, 17-қабатты және 15 қабатты тұрғындардың мұң- мұқтажын ескерді, шынымен де үлкен проблемалар бар екенін әкімшілік өкілдері де айтып жатты.

Ал енді мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Р.Б.Мәжітов ЖК «Ақшаңырақ» тұрғындарының өтініші бойынша қабылдау өткізуді ұйымдастырып ақыл кеңестерін беріп, өзін мәдениетті ұстап, кішіпейілділік танытқанына алғыс айтамыз.

«Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді» демекші соттардың мерейі өссін деген мақсатта, марапаттауға лайықты соттарға, әрқашанда алғысымызды білдіреміз. Соған сәйкес басшылық мұны ескеріп мемлекеттік наградаларға ұсынса дейміз, соттың жұмысы оңай емес істі қарап мән-жайды егжей тегжейлі дұрыс анықтап, дәлелдемелерге іштей баға беріп, оны етпен жүректен өткізіп, таразылап барып шешім шығару үлкен жауапты жұмыс. Сондықтан көңілдері шаттанып, шыныменде халықтың алғысына бөленгендерін қалаймыз. Халықтың алғысына бөленген соттарда мотивация, әділдік, турашылдық, қателеспей дұрыс шешім шығару сезімдері бір бағытта күшейе беретіндігі сөзсіз.

**Сұраймыз:**

1. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Р.Б.Мәжітовты және іске төрелік жасап, әділ шешім шығара білген Д.А.Төрехуловқа ЖК «Ақшаңырақ» тұрғындары болып шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сонымен бірге халықтың алғыстарын ескеріп, мүмкіндік болса Р.Мәжітовты және Д.Төрехуловты мемлекеттік наградаларға лайықты деп есептеп марапаттауларыңызды сұраймыз.

**« 30» 01.2023 жыл.**

**Қосымшада: төмендегілер қол қойды.......**

1) Кенжетаев Сансызбай Николаевич

2) Османова Лейла Мукамбетжановна

3) Турлунова Динара Акылбековна

4) Саргисон Каролина Егоровна

5) Кинжибаев Азамат Алисович

6) Курбанбеков Маматжан Мирзаевич

7) Ильжанов Мурат Солтонович

8) Плотникова Надежда Константиновна

9) Сапаров Ердос Алтынбекович

10) Калышева Сауле Бейсенамиевна

11) Бердабаева Л.А

12) Жатаева Ж.С

13) Шамбетказ. М.

14) Нурманкозы Г -кв

15) Нурмуханбетова Гульмира Болатбековна
Карбаев Айдын Алмабаевич

16) Туралбаев Марат Керимханович